Думскую деятельность, всецело зависевшую от политической ситуации в России, можно образно разделить на два этапа или периода: Дума до июньского государственного переворота 1907 г., т.е. Думы I и II созывов, которые благодаря своему демократическому составу были яркими противниками существовавшего строя; второй этап — с 3 июня 1907 г. до окончательного свержения царизма в России. Он охватывает деятельность III и IV Думы, когда с уменьшением левых сил и увеличением за их счет реакционных слоев Дума стала успешно сотрудничать с монархией, как метко по этому поводу сказал один из демократов: «История скажет, что третья Дума была призвана не для законодательства, а для того, чтобы служить правительству и эту миссию исполняла она точно и беспрекословно — на совесть» [10; 2490]. И даже при этом оставалась и выглядела всего лишь как придаток к другим высшим органам власти абсолютистского государства. Причем это не скрывали сами царские сановники. Так, например, министр финансов Коковцев В.И., позже премьер, на заседании 52, 24/4-1908 года заявил: «У нас, парламента, Слава Богу, еще нет» [11; 1995].

Деятельность Думы всех 4-х созывов в истории России и ее национальных окраин свидетельствует о бесправности и формальности ее парламентарного положения. Вместе с тем нельзя недооценивать политического значения Думы в жизни страны для ее будущей истории. Она являлась не только легальной трибуной противников царского самодержавия, но и ясно отражала расстановку политических сил в Империи, их программу и идеологическую ориентацию. Для современной политической практики суверенного Казахстана думская деятельность дает бесценный материал в плане постижения социальной обусловленности представительных учреждений, установления основных причин малой их эффективности в рамках жестких централизованных структур государства. Укрепление демократии нуждается подобного рода знаниях, поскольку проблема создания истинно народных представительных учреждений сегодня стоит как никогда остро.

Список литературы

1. *Калинычев Ф.И.* Государственная Дума в России. — М.: Госюриздат, 1957. — 646 с.
2. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 4. Сессия 1. — Ч. 2. — СПб.: Гостипография, 1914. — 1991 с.
3. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 3. Сессия 1. — Ч. 3. — СПб.: Гостипография, 1908. — 2962 с.
4. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 1. Сессия 1. — Т. 2. — СПб.: Гостипография, 1906. — 2013 с.
5. *Керенский А.Ф.* Россия на историческом повороте // Вопросы истории. — 1990. — № 9.
6. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 3. Сессия 2. — Ч. 1. — СПб.: Гостипография, 1908. — 3143 с.
7. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 4. Сессия 1. — Ч. 2. — СПб.: Гостипография, 1913. — 2251с.
8. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 4. Сессия 4. — П-г.: Гостипография, 1916. — 5420 с.
9. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 4. Сессия 5. — П-г.: Гостипография, 1917. — 2449 с.
10. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 3. Сессия 4. — Ч.2. — СПб.: Гостипография, 1911. — 480 с.
11. Государственная дума. Стен.отчет. Созыв 3. Сессия 1. — Ч.2. — СПб.: Гостипография, 1908. — 2962 с.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің дамуындағы теоретикалық-тарихи аспектілер

Турлаев А.В., Шәкірова А.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Авторы рассматривают историко-теоретические основы формирования правового государства и гражданского общества в истории политических и правовых учений. Исследуется структура правового государства и гражданского общества, дается характеристика структурных элементов гражданского общества, рассматриваются исторические аспекты теории и практики формирования правового государства и гражданского общества в Республике Казахстан. В статье определяется, что развитие гражданского общества связано с существенным изменением социальных связей и правовых отношений.

In given article, here were considered conseptional sources and basic formation steps of the civil society in the context of the political legal history. Then, was researched the structure of civil society. In this article were given he reference of structural elements of the civil society and were pointed aspects of the theory and practice of formation of the legal state in Republic of Kazakhstan. They are directly connected with essential changings of connections and structures of legal and state relations. The Civil society is formed where society has steadfast democratic, legal, political and cultural traditions.

Адамзат дамуының бүкіл тарихы бойынша адамға қатысты әділ болатын, ақыл-парасат, бостандық, сәттілік, тиімділік және әділеттілік мекендейтін идеалды қоғамдық құрылым үлгісін іздестіру, ойшылдарды әрқашан толғандырған.

Қайта өрлеу дәуірінен бастау алатын ізгілік идеялары, әрбір тарихи кезеңде ойшылдардың еңбектерінде өз көрінісін тапқан. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басқан кезеңде, ізгілік идеялары жалпы әлемдік деп танылып, өз көрінісін құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам идеяларында табады. Қазіргі әлемде мемлекеттер арасында тығыз байланыс, жақындасу және ғаламдану үрдістерінің кең етек алуы, сонымен қатар осы күнгі болмыс шындығы, мемлекеттердің, белгілі бір стандарттарға сәйкес келуін, өздеріне және адамға деген көзқарастарды жаңадан, объективті түрде қалыптастыруды қажет етеді.

Гуманизм, демократизм қағидалары, бостандықты, құқық пен заңды бекіту және сақтау түріндегі құқықтық мемлекет теориясының бастаулары ежелгі Греция, Рим, Үндістан, Қытай ойшылдары еңбектерінде орын алған. Ежелгі грек ойшылы Сократ әділеттілік қолданыстағы заңдарға бағынудан көрінеді, әділеттілік пен заңдылық егіз ұғымдар деп санайды. Қандай да болмасын заң қанша жерде кемшілігі болса да, заңсыздық пен бассыздыққа қарағанда жақсы. Егер азаматтар заңдарды сақтайтын болса, олар өмір сүретін мемлекет күшті де жасампаз болатындығын жариялайды.

Платон: «Заңның күші жоқ және оның қайсы біреудің билігінде болса, ол мемлекеттің күйреуінің жақын екенін болжаймын. Заң билеушілерге үстемдік еткен жерде олар оның құлдары және мемлекеттің құтқарылатынына сеніммен қараймын»,— деген. Платонның «Мемлекет», «Зандар» диалогтарында «заңдардың күші болмайтын және біреудің билігінің астында болатын» жерлерде мемлекеттің жойылу қаупі болатындығы керсетіледі. Оның ойынша, «заңдар — билеушілердің билеушісі,— ал олар — оның құлы болғанда, мемлекет пен оған құдай сыйлайтын барлық құндылықтар құтқарылады». Заң міндеті бір әлеуметтік топқа емес, тұтас мемлекеттің игілігіне қызмет ету. Мемлекеттілік әділ заңдар үстемдік еткен жерде ғана болуы мүмкін. Заң қорғаушысы — соттар. Кез келген мемлекетте соттар тиісті орында болмаса, ондай мемлекет өз билігін жоғалтады [1].

Құқықтық мемлекет теориясының негізін қалаған ойлар Аристотель еңбектерінде де дамытылады. Аристотель мемлекетті табиғи дамудың жемісі, адамзат қауымдастығының жоғарғы нысаны ретінде қарастырады. Құқық әділеттілікке сай деп таниды, заң мен әділдіктің сәйкестігін уағыздайды. Құқық пен заңның бір еместігін, әділ заңның ғана құқыққа сәйкес келетіндігін бекітеді. Мемлекетте адамдар емес, құқық үстем тұруға тиісті. Аристотель мемлекет құрылымының үш элементін жіктейді: ерікті азаматтардың барлығы қатысуға тиісті «заңдық кеңесу» билігі, үкімет билігі және сот билігі. «Заңдық кеңесу» билігі әрекетінің бір саласы жалпыға міндетті акт ретіндегі заңдарды қабылдау деп санады. Әрбір заң өз негізінде құқықты қарастырады, әрі жүйелі құрылған мемлекетте құқық басымдылығы болуы қажет. Заңның барлық биліктен үстем болуы — мемлекеттің

құқықтық жолмен дамуының кепілі. Аристотель мемлекеттік билік тармақтары арасында «заңдық кенесу» органына басымдық береді. Үкіметтік басқару органдары заңға бағынышты, екіншілік сипатта олардың шығарған декреттерінің заңдық күші болмайтындығын көрсетеді. Сот органдарын тек сайлау жолымен ұйымдастыру қажеттігін айтады [2].

Римнің қоғамдық қайраткері Цицерон мемлекет «құқық мәселесінде өзара келісім мен мүдде бірлігімен байланысқан көптеген адамдардың жиынтығы» деп қарастырған. Мемлекет құқықпен өзара қатынаста «жалпы құқықтық тәртіп» ретінде көрінеді. Құқық негізінде сана мен әділеттілік болады, ол адамдарға табиғатынан тән. Цицерон кейіннен құқықтық мемлекет теориясының негізін қалаған «заң әрекеті кейбір таңдаулы азаматтарға ғана емес, барлық адамдарға таралуы қажет» деген ойдың негізін қалаған.

«Құқықтық мемлекет», «азаматтық қоғам» түсінігі түп тамырларын Аристотельдің полис (*koinoia politike* — азаматтық қоғам), Цицеронның *societas civilis* және табиғи құқық идеаларынан алады. Азаматтық қоғам (*koinoia politike, societas civilis, burgeliche Gesellschaft, socite civile*) және саяси қоғам, немесе мемлекет (*polis, civitas, staat, etat, stato*), мәні бойынша бір-бірін алмастыратын терминдер болды. Ежелгі грек ойшылдары «саяси» түсінігіне қоғам өмірінің бүкіл салаларын енгізген: жанұя, дін, білім алу, көркем мәдениеті, өнер және т.б. *Politike*-нің мүшесі болу, яғни, азамат болу — мемлекеттің мүшесі болу, яғни басқа азаматтарға зиян келтірмей, мемлекет заңдары бойынша өмір сүру және әрекет ету [3].

Осындай түсінік өзгермеген қалпында XVIII ғасырға дейін сақталып келді. Дж.Локктың өзі «азаматтық қоғам» және «мемлекет» түсініктерін өзара алмастырушы ретінде қолданған. И.Кант өзінің еңбектерінде «*bürgerliche Gessellschaft*» (азаматтық қоғам) және мемлекет түсініктері синонимдер ретінде қолданылады. Осы екі түсініктің бір-біріне жақындығы Ж.-Ж.Руссо еңбектерінде айқын көрінеді. Руссоға сәйкес, әр азаматтың биліктік қатынастарға қатысуына, халықтың толық билікке иеленуіне негізделген басқару жүйесі ғана, заңды күшке ие. Осының негізінде, Руссо өкілдік қағидасын сынаған, өйткені онда азамат өзінің еркін басқа адамға тапсырып, өзінің азаматтық құқығынан айрылады. Руссо «*societe civile*», немесе азаматтық қоғам, және мемлекет мәнін осылайша ұсынған [4].

Орта ғасырдан жаңа заманға өту шағы азаматтық қоғамның мемлекеттік институттардан өзгешеліктері бар екенін түсінуіменен айшықтанды. Осы тұрғыдан сол кездегі орта ғасырлық бытыраңқы мемлекеттердің орнына ұлттық мемлекеттің қажеттігі идеялогиясы саяси ілімдерге елеулі әсер етті. XIV ғасырда Еуропада Гогенштауфендер империясының дағдарысынан бастап ұлттық жеке-даралық түсінігі пайда бола бастады, нәтижесінде ұлттық мемлекет идеясы дүниеге келді. Осы үрдісте, өзінің Бонифаций VIII папасына қарсы күресінде, римдік теократизміне және ұлттық жеке-даралыққа негізделген король билігінің егемендігі қағидасын қарсы қойған Әдемі Филипптің таққа отырған кезеңі өте маңызды болды.

Құқықтық мемлекет теориясының дамуына XVII–XX ғасырлардың ойшылдары қомақты үлес қосты. Г.Гроций, Б.Спиноза, Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Д.Дидро, Ж.-Ж.Руссо, Т.Гоббс, И.Кант, Г.Гегель және тағы басқа ойшылдар құқықтық мемлекет мәнін, белгілерін тұжырымдады.

Буржуазия өкілдері монарх билігін шектеу мақсатында мемлекеттік билікті заң шығару — парламент, атқару — монарх және сот тармақтарына бөлу қажеттігі туралы пікірлерді негіздейді. XVII ғасырдағы ағылшын ойшылы Джон Локктың көзқарасы бойынша, құқықтың басымдығы идеясы табиғи құқыққа сәйкес келетін және индивидтің ажырағысыз табиғи құқықтары мен бостандықтарын танытын заң жоғарылығы болатын, әрі билік бөлісу жүзеге асырылған мемлекет түрінде көрінеді. Құқық жоғарылығы танылған осындай мемлекетті ол басқа барлық басқару түрлеріне қарсы қояды, оларды деспоттық мемлекеттер ретінде таниды. Локк танымы бойынша, деспотизмге қарсы тұратын арнаулы конституциялық механизм болуы шарт, оның маңызды компоненттері ретінде биліктің жіктелу қағидасы мен заңдылық қарастырылады. Билікті бір қолға шоғырландыруды болдырмау мақсатында Локк заң шығару және атқару биліктерін біріктірмеуді және заңгерлерді өздері қабылдаған, атқару билігімен жүзеге асырылатын заңдардың әрекетіне бағындыруды ұсынады. Аталған ой кейінгі кезеңдері саяси ойлар жүйесі мен практикаға барынша ықпал етіп, құқықтық мемлекеттіліктің негізгі қағидаларының біріне айналды. Джон Локк билікті бөлісу ілімінде мемлекеттік билік қызметтерін жіктеу таза ұйымдастырушылық-техникалық сипатта емес, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажет екендігін баса көрсетеді. Заң шығару билігі заңдарды белгілі бір мезгілде қабылдайды, бірақ заңдар тұрақты, үздіксіз әрекет етеді. Атқару билігі үкімет актілерін қабылдайды, үнемі, тұрақты әрекет етеді. Заңдар азаматтармен

жиындарда қабылданады. Атқару билігі тиісті органдар арқылы әрекет етеді. Атқару билігін жүзеге асыратын орган соғыс жариялау, бітім жасасу, басқа мемлекеттермен шарттарға отыру құқығына ие. Өз әрекетінде күшке сүйенеді. Атқару билігінің тағы бір басымдылығы — ол қоғамды және азаматтарды тек заңда көрсетілген жағдайларда ғана емес, сондай-ақ онда көрсетілмеген төтенше оқиғалар барысында да, кейде тіпті заңға қарамастан, қорғау шараларын қабылдауға тиісті. Атқарушы орган заңдық жиынды шақырады және таратады. Заң шығару билігі дербес те, қалғандары бір органмен жүзеге асырылады деп санайды Дж.Локк [5].

Ш.Л.Монтескьенің көзқарасы бойынша, саяси бостандық барлық қатынастар құқықпен реттелетін және заңдар билеушілердің еркінен үстем тұратын мемлекетте ғана мүмкін болмақ. Бостандықтың өлшемі — құқық. Құқықтың үстемдігі биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына жіктелуі арқылы қамтамасыз етіледі, нәтижесінде «әр түрлі билік тармақтары бір-бірін өзара тежеп отырады. Биліктің бөлінуі және өзара тежеу саяси бостандықтарды қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Заң шығару билігі жалпы тәртіп бойынша барлық халыққа берілуі қажет: бірақ оны үлкен мемлекеттерде жүзеге асыру мүмкін емес, ал кіші мемлекеттерде қиын, сондықтан өкілдік жүйесі енгізілуі керек. Халық өкілдері жалпыға бірдей дауыс беру негізінде округтерден сайланады да, өз жерінің қажеттілігін ескере отырып, бірлескен шешім шығарады. Заң шығару билігі басқа билік тармақтарына кедергі келтірмеу үшін атқару билігінің басшысы *вето қою* құқығына ие болады. Нәтижесінде биліктер бір-біріне бағынбайтын, бірақ өзара тығыз байланыста және келісімде болатын жағдай қалыптасады.

Үш билік тармақтары арасында басымдылығымен сипатталатын біреуінің болуын жоққа шығаратын Монтескье схемасы биліктің бөлінуіне алдымен ұйымдастырушылық-құқықтық көзқарасты бейнеледі, сөйтіп мемлекет пен мемлекеттік биліктің әлеуметтік табиғаты туралы мәселені көтермеген тәрізді болып көрінеді. Шын мәнінде Монтескье қоғамда әр түрлі әлеуметтік топтар арасында билік үшін күрестің үнемі жүретіндігін, оның азаматтардың бостандығы мен қауіпсіздігінің бұзылуына, мемлекет нысанының өзгеруіне, кейде тіпті мемлекеттің жойылуына әкеліп соғатындығын білді. Осындай жағымсыз нәтижелерді болдырмау мақсатында ол әр түрлі әлеуметтік күштер арасында билікті бөлуді ұсынды.

Монтескьенің билікті жіктеу теориясы — мемлекеттегі еңбекті саяси бөлу ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік күштердің арақатынасын реттеу құралы. Оның басты сіңірген еңбегі — билікті бөлуді алғаш рет мемлекет Конституциясымен байланыстырады [6].

Жан-Жак Руссо көзқарастарына байланысты заң шығару билігі барлық азаматтар қатысатын халық жиынына беріледі, бұл кезде басқа билікке орын жоқ. Заңдарды орындау жалпы ережелерді нақты жағдайларға қолдану ретінде үкіметке — атқару билігіне тапсырылады. Үкімет халыққа бағынышты, бірақ оның жеке мүшелеріне билік етеді.

Құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізін И.Кант қалыптастырып дамытты. Ол мемлекеттің құқыққа сүйенуі қажеттігін негіздеді. Мемлекет құқықтық заңдарға бағынатын көптеген адамдардың бірлігі, онда халық өзі үшін шеше алмаған мәселені заң шығарушының шешуі мүмкін еместігі қағидасы әрекет етеді. Егер мемлекет осы қағидадан, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтаудан бас тартатын болса, заңдарды қорғауды қамтамасыз етпесе, өз азаматтарының құрметі мен сенімінен айырылады. Иммануиль Кант билікті жіктеуді мемлекеттік билік идеясынан логикалық қажеттілікпен шығатын сананың қатаң талабы ретінде қарастырған. Заң шығару, атқару және сот биліктері дербес субъект болса да, жиынтығында бір тұлға — мемлекет құрады.

Феодалдық қоғамды жою үшін ескі тәртіпке қарсы шыққан төңкеріліс, бүкіл сословиелерді, корпорацияларды, цехтарды, артықшылықтарды және мемлекет алдында бағыныштылардың тең құқықтылығы қағидасын бұзатын басқада институттарды жоюға бағытталды. Осылайша, Маркс айтқандай: «Азаматтық қоғамның саяси сипаты жойылды». Ескі тәртіпке қарсы саяси төңкерілісті, Маркс азаматтық қоғамның төңкерілісі деп негізді атаған. Ол жалпыға бірдей және міндетті құқықтық тәртіпті орнатуға тағайындалған. Кезінде Ж.Боден және Т.Гоббс егеменді және біртұтас мемлекет талабын ұсынды, яғни, орта ғасырларға тән болатын, құқықтардың теңсіздігін және әр түрлілігін жою ұсынылды. И.Канттан бұрын болған, құқықтың философиясы қоғамға қатысты екі пікір төңірегінде қалыптасты: біріншісінде — қоғам жеке бостандықтың сыртқы шекарасы ретінде қарастырылды, ал, екіншісіне сәйкес, қоғам — бәрін қамтитын бастау. Біріншісі қатынасты жеке тұлға еркіне бағындырса, екіншісі бұндай ерікті жоққа шығарып, қоғамды бірден-бір және соңғы саты ретінде қарастырған. Канттың бостандық туралы ілімі осындай қайшылықтарды бұзуға бағытталған.

Кант «өнегелі автономия» түсінігін енгізген, оған сәйкес, мемлекеттен тәуелсіз түрде, жеке индивидті жалпымен қабылданған өнегелік нормаларды сақтауға мәжбүрлеу үшін санкцияларға және құралдарға ие қоғам болған жерде ғана, құқықтық тәртіп орнайды. Жанұя, мектеп, шіркеу, көрші-қолаң немесе басқа да қауымдар, түрлі ерікті ұйымдар, одақтар және т.б. тәріздес, азаматтық қоғамның институттары осындай қызметтерді атқаруға бейім болады. Осындай қызметтер мемлекетке жат болады, бірақ азаматтық қоғамның институттары оларды атқаруға дәрменсіз болған жағдайда, оларды мемлекет атқарады.

И.Кант азаматтық қоғамды келесідей қағидаларға негіздеген: а) қоғамның әр мүшесінің бостандығы; ә) оның басқалармен теңдігі; б) қоғамның әрбір мүшесінің, азамат ретіндегі дербестігі. «Саяси бостандық жеке бостандықтың кепілі бола алады, бірақ оны алмастыра алмайды», — деп Б.Констан айтып кеткен. Азаматтық қоғамда адам және азамат құқықтарының бөлінуі негізді болып табылады. К.Маркс жазғандай, адам құқықтары мемлекет азаматының құқықтарынан өзгешеленеді. Осындағы адам — азаматтық қоғамның мүшесі. Осындай аражік саяси мемлекеттің азаматтық қоғамға қатысты қатынасымен, саяси эмансипациясы мәнімен анықталады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, азаматтық қоғам адамның құқықтарын қамтамасыз етеді, ал мемлекет азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етеді. Екі жағдайда да жеке тұлғаның құқықтары туралы айтылған: біріншісінде — адам баласының өмір сүруге, бостандық, бақытқа ұмтылу және т.б. құқықтары, екінші жағдайда — саяси құқықтары туралы айтылған. Азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің өмір сүрулерінің бірден-бір шарты — жеке тұлға, оның өзін-өзі жүзеге асыру құқығы. Ол жеке бостандықты тануға негізделеді. Азаматтық қоғамның өзегі нақты бір тұлға болса, негізін қалыптастырушы тіректер ретінде осы тұлғаның, оның мүдделерінің, мүмкіндіктерінің, мақсаттарының жан-жақты жүзеге асуына атсалысуға бағытталған институттар, ұйымдар, топтар және т.б. қарастырылады. Осы себептен, шынайы азаматтық қоғамның пайда болуының және орнығуының маңызды алғышарты болып экономикалық және саяси биліктің аражігін анықтау табылады [7].

Азаматтық қоғам туралы көзқарастардың қалыптасуына Г.Ф.Гегель зор үлес қосты. Гегель оны жеке мүдде әрекет ететін сала деп анықтады. Осы кеңістікке ол жанұяны, әулеттік қатынастарды, дінді, білім алуды, заңдарды және олардан пайда болатын субъектілердің құқықтық қатынастарын жатқызды. Азаматтық қоғам және мемлекет өзара әрекеттесуші институттар болып табылады. Мемлекетте азаматтардың жалпы еркі білдірілген, азаматтық қоғам — жеке индивидтердің ерекше, жеке мүдделерінің саласы. Гегель француз, англосаксондық және неміс қоғамдық-саяси ілімінің бүкіл мұрасын жүйелеу негізінде келесідей ой қорытындыға келеді: азаматтық қоғам орта ғасырдан жаңа заманға өтудің ұзақ, әрі күрделі тарихи үрдісі кезінде жанұядан мемлекетке қарай диалектикалық қозғалыстың ерекше кезеңі болып табылады. Азаматтық қоғамға тән болатын әлеуметтік өмір, жанұяның болмыс-тіршілігінен және мемлекеттің көпшілік өмір салтынан түбегейлі өзгешеленеді. Азаматтық қоғамға нарықтық экономика, әлеуметтік топтар, корпорациялар, институттар кіреді. Қоғамның өмір сүру қабілеттілігін қамтамасыз ету және азаматтық құқықты жүзеге асыру осылардың міндеті болып табылады. Азаматтық қоғам жеке тұлғалар, таптар, топтар және институттар кешенін құрайды, олардың өзара әрекеттесуі азаматтық құқықпен реттеледі және олар саяси мемлекетке тікелей тәуелді емес. Гегельдің ойынша, жанұя мемлекеттің түп тамыры болып табылады, оның мүшелері бір-бірімен бәсекеге түспейді, жанұя мәнді біртұтас болып келеді. Азаматтық қоғам болса, оның көпсанды құрамдас бөліктері көбінесе бір-біріне сәйкес келмейтін тұрақсыз және кекілжіндерге толы болып келеді. Онда әрдайым, жеке мүдделер басқа бір жеке мүдделермен қақтығысып тұрады. Оған қоса, азаматтық қоғамның бір элементтерінің күрт дамуы, басқа элементтердің басылып қалуына әкеледі. Азаматтық қоғам мемлекет бақылауымен басқарылмаса, ол «азаматтық» болудан алыстайды. Өйткені тек жоғарғы көпшілік билік, яғни, тек конституциялық мемлекет осы қоғамның әділетсіздіктерін жойып, нақты мүдделерді әмбебап саяси қауымдастыққа топтастыра алады. Осы тұрғыдан Гегель табиғи құқық теориясын сынға алады, себебі осы теория мемлекетті өз қоластындағыларының серігі ретінде қарастырып, осы арқылы «мемлекеттің абсолюттік құдайшыл қағидасына» күмән келтіреді.

Гегель азаматтық қоғаммен мемлекет арасындағы бөліністі жоюға қарсы шыққанымен, азаматтық қоғамның мемлекеттен еркіндігі дәрежесін нақты ережелер арқылы нақты бекіту мүмкін емес. Ол айтқандай: «Егер мемлекет пен азаматтық қоғамды араластырса және ол меншікті және жеке бостандықты қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған деп анықталса, демек, осы арқылы нақты адамдардың мүдделерін түпкі мақсат ретінде қабылдайды және де әркім өз бетінше ойына келгенді

істеп, мемлекеттің мүшесі болуға немесе болмауға ерікті екендігі қабылданады». Бірақ мемлекет индивидке қатысты басқа қарым-қатынаста болады, яғни, мемлекет объективті рух болғандықтан, индивид мемлекет мүшесі болғандықтан ғана, ол объективті, шынайы және өнегелі болады. Мемлекет жеке құқық және жеке игілік салаларына, жанұя және азаматтық қоғамға қатысты сыртқы қажеттілік және соған қарасты мақсат болады.

Гегель бойынша, адамдар табиғи, «мәдениетсіз» қалыптан азаматтық қоғамға бірігулері қажет, өйткені тек осында құқықтық қатынастар шынайы болады. Азаматтық қоғам жабайылыққа, өркениетсіздікке қарсы қойылады. Және азаматтық қоғам деп классикалық буржуазиялық қоғам танылады.

Сонымен, Гегельдің идеалды мемлекеті мәңгі соғыстың табиғи жағдайы емес (Гоббс, Спиноза), табиғи қоғамның сақталуының және аяқталуының құралы емес (Локк, Пуфендорф), табиғатпен жаратылған, өзін-өзі реттейтін азаматтық қоғамды әкімшілік басқарудың қарапайым механизмі де емес. Соңғысы, өзі анықталатын біртұтас ретіндегі азаматтық қоғамның элементтерін біріктіретін дербес және егеменді мемлекет үшін жағдайларды талап етіп, оларды қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамды танып және бағынышты жағдайда ұстап тұрған мемлекет ғана, оның бостандығын қамтамасыз ете алады. Азаматтық қоғам, саяси ұйымдасқан, кеңейтілген, күрделенген және жоғары тұратын қауымдастықтың бағынышты аспектісі ретінде сақталып бастан өткеріледі.

Г.В.Ф.Гегель бостандық идеясы билікті тиісті бөлу (заң шығарушы, үкімет, мемлекет басшысы) жағдайында ғана жүзеге асады деп есептеді. Билікті жіктеу көпшілік бостандығының кепілі қызметін атқарады, бассыздыққа, құқықсыздыққа, құқықтан тыс күш қолдануға қарсы тұрады [8].

Бастапқыда еуропалық қоғамдық-саяси ілім өкілдері (Ж.Боден, Т.Гоббс, Б.Спиноза және т.б.) мемлекетті табиғи жағдайдан аттап өтуге бағытталған институт деп түсіндірген. Осы табиғи жағдайды біреулері (Т.Гоббс) бәрінің бәріне қарсы соғыс жағдайы ретінде түсінген, басқалары болса (Ж.-Ж.Руссо) осы жағдайды жоғары үйлесімділік деп түсінген.

Мемлекеттің егемендігі қағидасын енгізген Ж.Боденнің ойынша, мемлекет қоғамның бүкіл мүшелерінің үстінен және оларға тиесілінің бәріне егеменді билігін жүргізеді. Қоғамның бытыраңқы мүшелері үстем билік, яғни егемендік астында жиналғанда мемлекет, пайда болады [9]. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, Т.Гоббс келесідей тұжырымдаған: «Мемлекет соғыс қалпынан өту құқығын, мемлекетке дейінгі адамдар қоғамдастығының бүкіл мүшелерінің келісімі нәтижесінде алады». Осы келісімнің нәтижесінде пайда болған азаматтық қоғам мемлекетке және оның заңдарына теңестіріледі. Руссо айтқандай, табиғи бостандығын жоғалтқан адамдар, өздерінің табиғи құқықтарынан айрылудан үрейленіп қоғамдық келісімге бірікті. Осы келісім барлық мүшелердің жеке басын және мүлкін қорғау үшін тағайындалады, осы жерде әрбір мүше басқаларымен бірігеді, дегенмен олар өздеріне ғана бағынады және бұрынғыдай еркін болып қала береді. Руссоның айтуынша, осы ассоциация кезінде «азаматтық қоғам» деп аталған, қазір Республика, немесе Саяси ағза, деп аталады: оның мүшелері осы саяси ағзаны, ол бәсең кезінде Мемлекет деп, белсенді кезінде Егемен (Суверен) деп және оған ұқсайтындармен салыстырғанда Держава деп атайды.

Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.-Ж.Руссо, Монтескье және тағы басқалармен өңделген индивидуализм концепциясы, мемлекеттен тәуелсіз қоғам азаматы ретіндегі тұлғаның еркіндігі мәселесін алға қойды. Нәтижесінде, әсіресе XVIII ғасырдың екінші жартысынан *societas civilis* дәстүрлі концепциясы эрозияға ұшырап қайта қарала бастады.

Осы жағдай Дж. Локк, А.Фергюсон, С.Пуфендорф, И.Кант, физиократтар және тағы басқалармен қалыптастырған ұсыныстарында көрінді. Дж. Локк сенімі бойынша қоғам мемлекеттен бұрын болған, ол «табиғатқа сәйкес» өмір сүреді. Автордың айтуынша, мемлекет «жаңа ағза» болып табылады; осы мемлекет құқықтар кешеніне ие, ал құқықтар осы мемлекетті құрайтын жеке тұлғалардың құқықтарынан басым түседі. Гоббста, саяси биліктен бұрын болған «қоғам» түсінігі болмайды, Локктың тұжырымдауынша, мемлекет табиғи қалыптағы қоғамдық қатынастар негізінде пайда болады. Егер үкімет түрлі себептермен жойылса да, қоғам өзінің табиғи заңдары және құқықтары негізінде өмір сүре береді. Қоғамды құрайтын халық егеменді, осы себептен оның егемендігі мемлекетке өткен күннің өзінде, мемлекет қоғамды толық алмастыра алмайды. Керісінше, мемлекеттің басты мақсаты — осы қоғамды қорғау. Осы ойды ұстанушылардың тұжырымы бойынша, мемлекет қоғамның орнына келмейді, ол оны басқаруға тағайындалған. Мемлекет — қоғамның құралы, сол арқылы өзін айқындайды.

Қалай дегенмен, тым кеңейіп кеткен мемлекет жеке индивидтің еркін білдіруіне және ықтималды мүмкіндіктерін жүзеге асыруына кедергі жасайды деген пікір қалыптаса бастады.

В. фон Гумбольдт азаматтық қоғаммен мемлекет арасындағы қайшылықтарды және өзгешеліктерді нақты мысалдар арқылы көрсетуге тырысты. Азаматтық қоғамға ол келесілерді жатқызды: а) индивидтермен қалыптастыратын ұлттық, қоғамдық мекемелер жүйесі; ә) табиғи және жалпы құқық; б) адам. Мемлекетке келесілер кіреді: а) мемлекеттік институттар жүйесі; ә) мемлекетпен шығарылатын позитивті құқық; б) азамат. Сонымен қатар В. фон Гумбольдт мына ойды айтқан: «Мемлекеттің ықпалы неғұрлым үлкен болса, ықпал етушілер және осы ықпал астындағылар соғұрлым ұқсас болады. Осындай мемлекеттік құрылым көптеген әрекет етуші және қозғаушы күштер емес, әрекет ету және тұтынудың өлі және тірі құралдарының жиынтығына ұқсап қалады». Осылай дами келе, азаматтық қоғаммен мемлекеттің айырмашылығы орнығып қалған жағдайға қарсы тұжырым ретінде қалыптаса бастады, сонымен қатар ол адамдардың әлеуметтік теңдігін азаматтардың бостандықтарын және шектелген конституциялық үкіметті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа қоғамдық құрылым идеялары арқылы құнды бола бастайды. «Азаматтық қоғам мемлекетке қарсы» тақырыбы, төңкеріліс сипатындағы мазмұнды иеленіп, Т.Спенс, Т.Ходжскин, Э.Ж.Сизэйс еңбектерінде, әсіресе Ұлы Француз төңкерілісінің бағдарламасы — Адам және азамат құқықтары декларациясы құжаттарында кең қарастырылды.

Азаматтық қоғамның ең радикалды концепциясын «Адам құқықтары» атты атақты памфлеттің авторы Т.Пейн қалыптастырды. Мемлекетке қарсы тұратын азаматтық қоғам мәселесі Т.Пейн еңбектерінде басты тақырып болды. Пейн мемлекетті қажетті зұлымдық деп атады: ол неғұрлым аз болса, соғұрлым қоғамға тиімді болады. Осы себептен мемлекеттің билігі азаматтық қоғам пайдасына шектелген болуы қажет, өйткені әрбір индивид ішінен қоғамға бағытталады. Мемлекеттен бұрын пайда болған осындай әлеуметтілік, ортақ мүддеге және өзара көмек сезіміне негізделген, бәсеке және сабақтастықтың бейбіт қатынастарын қалыптастыруға жағдай жасайды. Азаматтық қоғам неғұрлым кемелденген болса, соғұрлым өз істерін өзі реттеп, үкіметке деген қажеттілігі азаяды.

Ажырамас құқықтарға ие, еркін және тең индивидтер мемлекеттен жоғары тұрады. Сондықтан мемлекетті заңды және «өркениетті» деп тану үшін, ол бүкіл индивидтердің келісімімен құрылған болуы керек. Осы келісім конституциялық түрде рәсімделген және парламентарлы өкілді механизмдер арқылы бекітілген болуы тиіс. Өркениетті басқару жүйелері — еркін және тең индивидтердің белсенді келісімімен билікке ие болатын, конституциялық басқару жүйелері. Бұндай үкіметтер құқықтарға ие болмай, тек өзінің азаматтары алдында міндеттерге ие болады.

Нақты үкіметтер өз белсенділігімен конституцияларды өзгертуге немесе кеңейтуге немесе азаматтардың келісімдерін және сенімдерін бұзуға құқықтары жоқ. Азаматтар табиғи қалыпта ғана, тұрақты егеменділікке ие болады. Осы табиғи қалыпты кез келген бұзушылық және де құқықтың негізі ретіндегі, белсенді келісімге кез келген қарсы тұру талпынысы деспотизм және агрессивті басқару әрекеті болып табылады. Осы тұрғыдан Пейн азаматтық қоғамды мемлекетке қарсы қояды. Оның сенуі бойынша, өзіне сенетін және өзін-өзі басқаратын қоғам саяси механизмдердің минимумын ғана қажет етеді. Мемлекеттің билігін минимумға дейін қысқарту, тәуелсіз ұлттық және бір-бірімен бейбіт араласатын азаматтық қоғамдардың халықаралық конфедерациясын құру мүмкіндігіне жол ашады. Бұл жағдайда ұлттық егеменді мемлекет, сайланатын басқарушыдан және «жалпы бейбітшілік, өркениет және сауда» кепілі болатын, азаматтық қоғамнан тұрады. Қоғам қағидалары негізінде әрекет ететін, осындай ұлттық ассоциация азаматтық қоғам қамтамасыз ете алмайтын қоғамдық қызметтерді қамтамасыз етуге ғана қажетті.

Кейіннен осы дәстүр А.де Токвиль, Дж.С.Милл және тағы басқалардың тарапынан жалғасты. Олар оны келесідей ереже төңірегінде дамытты, яғни мемлекет және азаматтық қоғам арасындағы бөлініс, шынайы демократиялық, әлеуметтік және саяси жүйенің тұрақты сипаты болып табылады. Осы жүйеде өндірістік меншік, шешім қабылдай алу мәртебесі жеке салаға бағынышты емес. XIX ғасырдың ғалымдары мен ойшылдары азаматтық қоғамның аса көп мөлшердегі еркіндігін қоғамның бөлектенуі және кекілжіндердің өршігуіне себеп ретінде қарастырған, сондықтан олар қатал мемлекеттік реттеуді және бақылауды орнатуға шақырды. «Мемлекет азаматтық қоғамға қарсы» мәселесі И.Бентам, Ж.Сисмонди және т.б. еңбектерінде көрінеді.

Марксизмде азаматтық қоғам мәселесіне ерекше ұстаным қалыптасады. Гегельді қайталап, К.Маркс азаматтық қоғамды табиғатпен жаратылған қалып ретінде емес, тарихи дамудың нәтижесі ретіндегі тарихи феномен деп санаған. Мемлекетпен кепілдік етілетін азаматтық қоғам, мәңгі табиғи заңдарға бейімделмейді. Азаматтық қоғамды, өндірістің, таптық күрестің ерекше нысандары және қатынастарымен сипатталатын және де тиісті саяси-құқықтық механизмдермен қорғалатын, тарихи анықталған құрылымдар құрайды. Азаматтық қоғамның өзі өтпелі сипатқа ие, өйткені, ол азаматтық

қоғамды дүниеге әкелген буржуазиялық қоғамды жоятын пролетариатты дүниеге әкеледі. Өз талдауын өндіріс тәсілі негізінде қалыптастырған Маркс үй шаруашылығы, ерікті ассоциациялар, бұқаралық ақпарат құралдары, мектептер, ауруханалар және т.б. сияқты азаматтық қоғамның элементтеріне тиісті назар аударған жоқ. Ол XVIII ғасырдан бастап пайда болған, инженерлердің, дәрігерлердің, заңгерлердің, тағы басқалардың кәсіби одақтарын елемеді. Маркстың теориясында азаматтық қоғам жеке мүддені білдіреді. Азаматтық қоғам материалдық салаға жатады, ал мемлекет болса қондырманы құрайды. «Еврей мәселесіне» деген еңбегінде Маркс: «Аяқталған саяси мемлекет — өзінің мәні бойынша адамның материалдық өміріне қарама-қарсы болатын оның тектік өмірі. Осындай өзімшіл өмірдің алғышарттары мемлекеттік саладан тыс болатын азаматтық қоғамда өз өмір сүруін жалғастырады. Дамыған саяси мемлекетте адам қос өмірде өмір сүреді, яғни, саяси қауымда қоғамдық жан ретінде және азаматтық қоғамда жеке тұлға ретінде әрекет етеді. Азаматтық қоғамда адам шынайы индивид болады. Мемлекетте болса, адам тектік жан ретінде танылып, өзінің шынайы даралығынан айрылған».

Құқықтық мемлекет орнатудың негізгі бағыттары:

- мемлекет билікті үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің сапасын көтеру;
- нормативтік актілердің дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мәдениетін жақсартып, көтеру;
- қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу-басқару бағытындағы мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту;
- бостандықты, теңдікті, әділеттілікті, демократияны дамыту;
- заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау.

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет туралы пікір жан-жақты дамып, дүние жүзінің ғалымдары бір тұжырымға келіп, ортақ ғылыми көзқарас қалыптасты деуге болады.

Сонымен, құқықтық мемлекет туралы теорияны қорыта келіп, оның негізгі мазмұны — халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші — адам, қалың бұқара. Сондықтан мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет. Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптасу ісіне қазақ ұлтының тарихи ой-санасымен саяси мәдениетінің озық үлгілері қызмет етуі шарт. Қазақ этносының тарихи дамуы кезеңдерінде қоғамдық қатынастарды реттеу және жетілдіру мақсатында түрлі заңдар үнемі қолданылып отырған. Қазақ этносының түрлі ойшылдары елде заң күшінің орнауы қажеттілігі хақысында пайдалы ойлар мен идеяларды айтқан.

Әдебиеттер тізімі

1. *Платон*. Сочинения: В 3-т. — Т. 2. — Ч. 2. — М.: Наука, 1971. — С. 188.
2. *Аристотель*. Саясат. — Алматы: Атамұра, 2001. — 182-б.
3. *Цицерон Марк Туллий*. О законах. — М.: Наука, 1966. — С. 127.
4. *Руссо Ж.-Ж.* Трактаты. — М.: Наука, 1969. — С. 192.
5. *Локк Дж.* Два трактата о правлении: Сочинения в 3 т. — Т. 2. — М.: Наука, 1988. — С. 205.
6. *Монтескье Ш.Л.* Заңдар рухы туралы. — Алматы: Ғылым, 1999. — 298-б.
7. *Кант И.* Метафизика нравов: Сочинения в 5 т. — Т. 4. — Ч. 2. — М.: Наука, 1965. — С. 186.
8. *Гегель Г.* Философия права. — М.: Наука, 1990. — С. 205.
9. *Боден Ж.* Шесть книг о государстве // Антология мировой философии: В 4 т. — Т. 2. — М. 1970. — С. 213.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

УДК 347.6: 576.372

Проблемы определения статуса эмбриона

Муканова М.Ж.

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Мақала эмбрионның құқықтық мәртебесін анықтауға арналған. Эмбрион туралы мәселе заң жүзінде Қазақстан Республикасында ғана емес, шет мемлекеттерде де бір мағыналы шешімін таппай отыр. Автор, медицина саласында жоғары технологиялардың дамуына орай, эмбрион құқықтық қатынастардың субъектісі немесе объектісі болып табылады ма, кезінде эмбрионның мәртебесін анықтау бойынша әр түрлі білім саласында қалыптасқан ғалымдардың ғылыми ізденістерін, діни қағидалар бойынша көзқарастарды зерттеуге талпынған.

Present article is devoted the problems of determining the legal status of the foetus. The question of the foetus legislation did not find a clear resolution, not only in Kazakhstan but also in foreign countries. Is the foetus subject or object of the relations, how to regulate the issues related to using the foetus and other issues become more urgent with the development of high technologies in the field of medicine. Author had a shot to investigate the existing scientific research of scientists from various disciplines, the views of religious dogma to determine the status of the foetus in the modern period.

Кто он? Или что он? Ранний эмбрион, состоящий из бластомеров — недифференцированных клеток, обладающих свойством тотипотентности, — это начало жизни или же начало жизни конкретного человека с его уникальной личностью? На каком этапе развития эмбриона можно квалифицировать его как человека, обладающего определенными правами, и прежде всего правом на жизнь? И, соответственно, до какого срока возможно осуществление различных манипуляций над ним с терапевтическими и исследовательскими целями? Что делать с избыточными или отбракованными эмбрионами при проведении экстракорпорального оплодотворения: подвергать их разрушению как не востребовавшиеся, или проводить над ними исследования, в частности о закономерностях их развития, тем более что при естественном оплодотворении такого рода исследования затруднены.

Именно сейчас возрастает интерес мировой общественности к проблемам, связанным с бурным прогрессом биомедицины, распространением новых медицинских технологий, таких как трансплантация органов и тканей человека, репродуктивные технологии, клонирование. Их появление вызвало неожиданные, в том числе и негативные последствия. В этой связи проблемы соблюдения прав человека при применении мер репродуктивных технологий, правового статуса субъектов и объектов гражданско-правовых отношений, возникающих при их использовании, а также договорных отношений их участников приобретают особую остроту и требуют принятия мер законодательного характера. Вспомогательные репродуктивные технологии, входящие в круг вопросов, рассматриваемых новой, возникшей как реакция на развитие биомедицинских технологий междисциплинарной областью знаний — биоэтикой, ставят перед нами два взаимосвязанных вопроса, ответ на любой из которых невозможен без ответа и на другой. Вопрос о «начале жизни» человека логически выводит нас из области «объективного» и ставит нас перед лицом «субъективной» реальности того, кто начал жить. Также и ответ на вопрос, когда эмбрион становится человеческой личностью, опять возвращает нас к «началу жизни» эмбриона, ибо, по общеизвестной аксиоме Аристотеля, нет природы без ипостаси. Право на жизнь — основополагающее естественное право, на котором как на фундаменте зиждутся все остальные права человека. Жизнь — основная предпосылка их реализации и осуществления. Но

когда возникает это право? С момента рождения или раньше? Если раньше, то на каком сроке? Возможно ли использование человеческих эмбрионов при проведении фундаментальных исследований, в терапевтических или же коммерческих целях? Уместно ли вообще говорить о праве эмбриона на жизнь и праве человека на рождение? [1].

В настоящее время правовое положение эмбриона не определяется единообразно ни учеными-правоведами, ни существующим законодательством. Однако вопрос о правовом статусе эмбриона с каждым годом становится все более актуальным. Является ли эмбрион субъектом или объектом в правоотношениях? Это обуславливается, в первую очередь, огромными достижениями в области медицины. Для уяснения данного вопроса необходимо определить, что является эмбрионом в широком понимании. Анализ соответствующей научной литературы показал, что строгой определенности в применении данного термина нет. Под эмбрионом (греч. *embryon*) принято понимать животный организм на ранней стадии развития. Согласно данным биологии и эмбриологии человеческий зародыш проходит в своем внутриутробном развитии три стадии: проэмбрион (14 дней с момента зачатия) представляет «сгусток» клеток; собственно эмбрион (8 недель с момента зачатия); плод (от 8 недель до момента рождения). Таким образом, мы имеем дело со сложным организмом, который в зависимости от стадии развития представляет собой либо кусок человеческих тканей (ранний период эмбриогенеза), либо обособленное существо, способное жить без организма матери (5–9-й месяцы развития). В праве под эмбрионом человека понимается организм с момента оплодотворения до рождения.

Анализ литературы дает возможность выделить два основных подхода к проблеме правового статуса эмбриона:

А. Эмбрион — субъект права, полноправный участник правоотношений, приравненный к человеку.

В. Эмбрион — объект права:

– как часть организма матери, приравненная к органам и тканям человека;

– как вещь, по поводу которой могут возникнуть правоотношения имущественного характера.

Одним из ключевых в определении возраста эмбриона человека как личности является вопрос о том, когда плод человека приобретает способность чувствовать? Первые движения плода зафиксированы на 6-й неделе развития, в это же время плод реагирует на прикосновения, в спинном мозге выявляются синапсы. В нервных волокнах спинного мозга у плода 10-й недели развития определены первые нейромедиаторы и зарегистрирована активность ствола головного мозга. На основании данных электрофизиологических и иммунологистохимических исследований центральной и периферической нервной системы высказано мнение о том, что плод человека начинает чувствовать в возрасте 18–25 недель, но до 30-й недели развития отсутствуют доказательства способности плода перерабатывать полученные ощущения. Ученые рассматривают 30-ю неделю развития нижней границей между плодом и человеческим существом. Поскольку полноценное функционирование мозга (а по каким критериям это определяется, где граница перехода в неполноценную функцию?) наступает у человека после первых 2 лет жизни (определение психиатров), некоторые исследователи считают, что разговор об эмбрионе как личности несостоятелен. Другие предлагают рассматривать плод как личность после 7 месяцев, когда он приобретает способность жить самостоятельно (вернее — изолированно) вне тела матери. К.Гробстейн в качестве критерия определения возраста, с которого эмбрион можно рассматривать как личность, предлагает учитывать его способность реагировать на раздражение или причиняемую ему боль, что проявляется у 6–8-недельного эмбриона. М.Хоран (1977) считает неправомерным принимать за такой критерий реакцию плода на раздражение, так как считает, что бессознательное состояние и нечувствительность к боли не могут служить основанием для отказа в защите прав личности [2; 9].

Проблема определения возраста, с которого эмбрион человека можно рассматривать как личность, обладающую правами (в первую очередь на жизнь) и защищаемую законодательством, возникает в ходе обсуждения вопроса о возможности осуществления различных манипуляций с эмбрионами. Под понятием «манипуляции с эмбрионом человека» подразумевают: культивирование их (*in vitro*) для терапевтических (лечение бесплодия) и исследовательских (улучшение условий культивирования, разработка новых методов диагностики и пр., изучение закономерностей оплодотворения и развития) целей, отработка условий и проведение глубокого замораживания гамет и эмбрионов и хранение их в таком состоянии с последующим их использованием для выполнения практической программы ЭКО или в научных целях. Правомочность выполнения таких манипуляций и степень допустимого воздействия на эмбрионы человека широко обсуждаются в специальной и популярной ли-

тературе и правительствами ряда стран. На сегодняшний момент можно говорить о трех существующих теориях или подходах: абсолютистском, умеренном и либеральном.

Сторонники абсолютистской позиции рассматривают оплодотворенную яйцеклетку, или эмбрион, как человеческое существо, которое обладает безусловной ценностью и правом на жизнь. Именно поэтому запрещается осуществлять какие-либо действия, которые затрудняют или прекращают ее (его) развитие. Если же этому препятствуют какие-то естественные процессы, то следует им противостоять подобно тому, как противостоят заболеваниям, угрожающим жизни человека. Таким образом, в обязанность государства входит обеспечение развития жизни на любой стадии и ее абсолютная защита.

«Тот, кто будет человеком, уже человек», — писал Тертуллиан на рубеже II и III вв. Об этом говорили уже в древности. Стоит ли оспаривать предположения древних ученых, если сейчас такие науки, как генетика, эмбриология да и биология доказывают многочисленными опытами, что человеческая жизнь начинается с момента оплодотворения яйцеклетки. Этот факт подтверждается и тем, что при оплодотворении создается неповторимая генетическая единица, т.е. человеческая личность. Американский доктор Эрнст Хант говорит об этом так: «Оплодотворенная яйцеклетка — не просто клеточная масса без особых своих собственных характеристик. Она на этой стадии не похожа ни на бутон цветка, ни тем более на зародыш животного рода. Это полностью и абсолютно есть жизнь человеческого существа, и она имеет ту же жизнь, какую имеет новорожденный младенец, дитя, подросток и зрелый человек». Соответственно нужно говорить о всех правах, которые распространяются на человека. Многие ученые, придерживающиеся данной точки зрения и доказывая абсолютную ценность эмбриона, приводят следующие аргументы: «С момента зачатия человеческий эмбрион имеет новую, специфическую биологическую сущность со своей программой жизни и развития, обладает внутренним динамизмом, определяемым и управляемым геномом, направленным на постепенное развитие, вплоть до формирования взрослого человека. Он существует в виде независимого организма, то есть организованного биологического существа... является самоконтролируемым в осуществлении своей генетической программы» [2; 9].

Если обратиться к современной философской антропологии, то мы видим, что там сформулирована идея «телесной личности»... то есть нераздельного единства человеческого духа и тела, получается, что «начало телесной сферы человека означает начало самой человеческой сущности».

Психоаналитики считают момент рождения узловым моментом жизни человека, а не ее началом, в этом учении говорится о той сложности, с которой человек преодолевает кризис рождения, полагая его не началом, а продолжением развития и таким образом определяя возникновение личности много раньше родов [1].

Все приведенные выше примеры и мнения — это неопровержимые подтверждения того, что эмбрион представляет собой абсолютную ценность, наделяется правом на жизнь с момента зачатия и должен обеспечиваться защитой со стороны государства на любой стадии развития.

Рассматривая первую точку зрения, следует иметь в виду, что, говоря о человеке как об участнике правоотношений, не стоит забывать единство его биологического и личностного статуса. Человек — существо, обладающее нравственными ценностями и способное самостоятельно выбирать цели, принимать на себя ответственность, иными словами, наличие у него правосубъектности, которой не обладает человеческий эмбрион. Следовательно, зародыш — не человеческая личность, не индивидуум и поэтому не признается правоспособным. Однако против данного утверждения можно привести мнение М.Клопфера и А.Кольбе о том, что в силу аргументов потенциальности и непрерывности вполне можно исходить из того, что с момента своего зарождения плод развивается непрерывно, и это развитие не имеет морально значимых ограничений, следовательно, и еще нерожденный человек, с самого начала в морально-практическом отношении, может считаться личностью. Действительно, можно согласиться с этим утверждением, если считать, что личность может существовать только при полном становлении определенных качеств, как то: наличие умственного развития, самосознания, памяти, осознания своего будущего, наличие чувства самосохранения и иных преимуществ, будет обоснована охрана ее жизни. Тогда жизнь человека до рождения, а также в первые недели после рождения не будет защищена [3].

Исходя из данной точки зрения можно заключить, что речь все же идет о необходимости охраны эмбриона как начала человеческой жизни, а не о признании его субъектом права, физическим лицом.

Есть и две другие теории: и вторая точка зрения — либеральная говорит о том, что на любой стадии развития эмбрион не может быть определен как личность. Это означает, что он имеет незна-

